

**«6D020800- «Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Бахтыбаев Мэлс Маратовичтың «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Қазақстандағы қызметі»
такырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ПКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>1.1. Бахтыбаев Мэлс Маратовичтың «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Қазақстандағы қызметі» атты диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына бағытталған және «Рухани жанғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламалардың бағыттарына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында Қазақстан археологиясының қалыптасуы мен дамуына сүбелі үлес қосқан Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Қазақстандағы қызметі сарапталады.</p> <p>1) Диссертацияның кейбір тарауын жазу барысында «№BR10965310 Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанак қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу» атты бағдарлама аясында автор жүргізген археологиялық зерттеулердің нәтижелері келтірілген. 2) «Мәдени мұра», «Рухани жанғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалар аясында Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын зерттеу қазіргі қоғамның рухани дамуының негізін зерделеуге бағытталған. Осы зерттеулер нәтижелері де тыс қалмай, ізденуші өз жұмысында қарастырған. 3) М.М. Бахтыбаевтың диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылыми дамуының «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/коспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.	Тарих ғылымының қалыптасуы жергілікті тарихи-өлкетану үйімдарының дамуымен тығыз байланысты. Өлкетанулық үйімдардың рөлі, орны және атқарған жұмыстарының

			<p>маныздылығын зерттеу – тарихи дамуды түсіну мен пайымдауға мүмкіндік береді. Сондай ұйымдардың бірі - Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі болып табылады. Археология саласындағы жергілікті қоғамдық өлкетану ұйымы ретінде күрылған Түркістан үйірмесі Қазақстанның тарихи-мәдени мұралары жайлы құнды деректер қалдырыған. Диссертациялық жұмыста үйірме мүшелерінің Қазақстанда орналасқан ескерткіштерге арналған еңбектері іріктең алынып, жан-жақты сараланып, бұрын жарияланбаған жаңа деректер ғылыми айналымға енгізілген.</p> <p>М.М. Бахтыбаевтың диссертациялық жұмысы археология ғылымына сүбелі үлес қосады. Отандық тарих ғылымында алғаш рет үйірме мүшелерінің барлық еңбектері сараланып, «Хаттамаларда» жарияланған 279 мақала мен баяндамалардың 116-сы Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштеріне арналған еңбектер екендігін айқындаған. Түркістан үйірмесінің 26 мүшесі Жетісу мен Сырдария облыстарында атқарған зерттеу жұмыстары барысында ашқан археологиялық ескерткіштердің түрлері мен саны, орналасу жері және олардың қосқан үлесін анықтаған. Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, маныздылығы ашылған.</p> <p>2.1. Қосады, ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	<p>Бахтыбаев Мәлс Маратовичтың диссертациялық жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Үйірме мүшелерінің тұжырымдарын, кейінгі зерттеушілердің пікірлері мен көзқарастарын талдау, салыстыра саралау, өзіндік пікірлерін білдіруде өзі жазу принципі сақталған. Ғылыми әдебиеттер мен мұрагат құжаттар салыстыра отырып, талданып берілген.</p> <p>3.1. Жоғары</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:	<p>4.1. Диссертациялық тақырыптың өзектілігі Кіріспеде негізделген. Археологиялық ескерткіштерінің зерттелу тарихын сараптап зерттеу бүгінгі таңда аса манызды, себебі, қазіргі таңда жергілікті қоғамдық археологиялық ұйымдардың атқарған жұмыстарына ерекше көніл бөлініп отыр. Олардың атқарған ізденістерін жан-жақты қарастырмай жергілікті археология саласының даму</p>

		<p>ерекшеліктерін анықтау мүмкін емес. Бұл мәселені зерттеуде Археология әуесқойлары Түркістан үйірме мүшелерінің енбектерінің қосар үлесі мол. Себебі, үйірменің Қазақстанның онтүстік өңірлерінде атқарған ізденістері XIX ғасырдың сонынан күнімізге дейін жеткен бірден-бір дереккөзі. Қазақстанда жүргізілген археологиялық ізденістерге тек мамандардың емес, сонымен қатар, қоғамдағы көпшілік те қызығушылық білдіріп отырғандығы зерттеу жұмысының өзектілігі болып табылады. Бұл көп аспектті қамтиды, оның ішінде – тарихи және ұлттық сананың қалыптасу мәселесі, тарихи-мәдени мұраны сактау, қорғау, көне ескерткіштерде пәнаралық зерттеулер жүргізу. Осы себептер бойынша, тақырып өзектілігі негізделген деп санаймыз.</p> <p>4.1. Негізделген.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертация жұмысының мазмұны тақырыпты толық ашады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және он жеті қосымшадан тұрады. Фылыми нәтижелері мен жасалған тұжырымдары, зерттеудің мазмұнын айқындауға сәйкестігімен сипатталады.</p> <p>4.2. Айқындайды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына қойылған мәселені шешуге сәйкес келеді. Барлық тараулар мен бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда байланыса тақырыптың мақсаты мен міндеттерін ашады.</p> <p>4.3. Сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок 	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен толық байланысқан. Тараулар мен тармақшаларының қорытындылары үндеседі. Үйірме мүшелерінің енбектері мен мұрагат материалдары жіктеліп, саралталған. Үйірме мүшелерінің ой-тұжырымдары сынни талдаудан өткізіп, үйірме атқарған ізденіс жұмыстарының нәтижелері, оның ішінде ескерткіштер түрі, саны және қай зерттеуші ашқандығы кестелермен көрсеткен. Ізденуші кол жеткізген нәтижелері бір-бірін толықтыра отырып, өзара құрылымдық сабактастырынан ауытқымай, жүйелі түрде айттылған пайымдаулары енбектің маңыздылығын артырады.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сини талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>4.4. Толық байланысқан.</p> <p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелді, бұрыннан белгілі шешімдермен қарастырып, сини талдау жасаған. Әдіс-тәсілдер орынды қолданып, тарихи фактілерге негізделген ойлары өз жұмысында тұжырымдалған. Зерттеу жұмыстың ерекшелігіне байланысты проблемалық-хронологиялық және аудандастыру әдістері кеңінен қолданылуы жұмысты жазу барысында хронологиялық және аумақтық принципін ұстануға негіз болды.</p> <p>4.5. Сини талдау бар.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болыш табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелері мен пікірлері толығымен жаңа деп бағалауға болады. Зерттеу барысында келесі жаңалықтарға қол жеткізген:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Отандық тарих ғылымында алғаш рет үйірме мүшелерінің барлық енбектері сараланып, Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасына қатысты енбектер іріктеліп алғынды. Үйірме мүшелерінің мақалалар атауы белгілі болғанымен, іс жүзінде мақаладағы деректер көпшілікке белгісіз болған, бұрын жарияланбаған жаңа деректер, суреттер, ескерткіштердің жоспарлары ғылыми айналымға енгізілген; - Түркістан үйірмесі құрылғанға дейінгі Онтүстік Қазақстан өнірінде жүргізілген зерттеулер сараланып, қандай ескерткіштерде ізденістер атқарылғандығы айқындалған; - Түркістан үйірмесінің құрылу алғышарттары қарастырылып, мақсаты мен міндеттері мұрағат материалдары және ғылыми зерттеулер толықтай сипатталған; - Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Жетісу мен Сырдария облыстарында аткарған ізденіс жұмыстары жүйелі әрі кешенді түрде сараланып қарастырылған; - Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері жүргізген зерттеу жұмыстардың бағыттары, ізденіс барысында айтылған тұжырымдары мен зерттеулерінің маңызы айқындалған; - Түркістан үйірмесінің мүшелері Жетісу мен Сырдария облыстарында ашқан және қайта зерттеген археологиялық ескерткіштердің түрлері мен саны, орналасқан жері, сакталу

		<p>жағдайы анықталған;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстанның онтүстік өнірлерінен өткен керуен жолдардың бағыттары мен ескерткіштердің ортағасырылғы жазба деректерде кездесетін қалалармен баламалау мәселесіне қатысты үйірме мүшелерінің тұжырымдары Кеңес дәуіріндегі зерттеушілердің көзқарастарымен салыстыра қарастырылған; - Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Қазақстанның онтүстік өнірлерінде атқарған қызметі, Императорлық Археологиялық комиссиясы, Императорлық орыс археологиялық қоғамы, Санкт-Петербург университеті және т.б. ғылыми мекемелермен байланыста атқарған ізденістері қарастырылып, Қазақстан археология ғылымының қалыптасуына қосқан үлесі айқындалған; - Үйірме мүшелері ашқан ескерткіштерді қорғау, сақтау мәселесі бүгінгі таңда қалай іске асырылып жатқанына ғылыми-практикалық баға берілген. <p>5.1. Толығымен жана.</p>	
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жана болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады) 	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жана болып табылады. Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі Қазақстанның онтүстік өнірлерінің ескерткіштері жайлы қалдырган күнды мұрасы алғаш рет күрделі және кешенді зерттеу нысанына алынған. Зерттеу жұмыстың нәтижелері мен тұжырымдары зерттеу мазмұнына сәйкес және зерттеу барысында қолданылған әдістер тиімді, зерттеу жүйелі түрде жоспарланған.</p> <p>5.2. Толығымен жана.</p>	
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады) 	<p>Диссертациялық жұмыс «6D020800 - «Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірлегендіктен техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді.</p>	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараланда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары</p>	<p>Диссертациялық жұмыста зерттеушінің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген.</p>

		боянша)	
7.	Көрғауға шығарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.3 Жана ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>Ізденуші жалпы тоғыз қагидат ұсынған, зерттеу жұмысында олардың барлығы зерделеніп, дәлелденген. Қагидат мазмұны өзекті, ал зерттеу нәтижелерінің корытынды тұжырымдары жаңа және ақпаратты болып табылады.</p> <p>1-қагидат бойынша диссертациялық жұмыста Түркістан үйірмесі құрылғанға дейінгі Қазақстанның онтүстік өнірлерінде 1856-1895 ж. аралығында атқарылған ізденіс жұмыстарының нәтижелері зерделеніп, ғылымға белгісіз болып келген 97 археологиялық ескерткіш зерттелгендігін көрсеткен. Осы зерттеулердің ішінде В.В. Бартольдтың ортағасырлық жазба деректерге сүйене отырып бірінші болып Исфиджаб пен Тараз аралығында орналасқан қалалардың баламалау мәселесін көтергенің ашып көрсетеді.</p> <p>7.1. Дәлелденген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қагидаттар жана. 7.4. Қолдану деңгейі кең. 7.5. Ия.</p> <p>2-қагидат бойынша Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің құрылуы тарихын зерделеу негізінде Ташкент қаласында жергілікті өлкетану үйірмесінің құрылуының алғышарттары карастырылған.</p> <p>7.1. Дәлелденген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қагидаттар жана. 7.4. Қолдану деңгейі кең. 7.5. Ия.</p> <p>3-қагидат бойынша Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесіне қатысты мұрағат деректері талданып, Н.П. Остроумов Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесін бастапқыда Императорлық археология комиссиясының жергілікті белімі ретінде ашылуын көздегені дәлелденген.</p> <p>7.1. Дәлелденді. 7.2. Тривиалды емес.</p>

- 7.3. Қағидаттар жана.
- 7.4. Қолдану деңгейі кең.
- 7.5. Ия.

4-қағидат бойынша «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамалары» атты жинақтарда жарияланған үйірме мүшелерінің еңбектерін саралай отырып, 1896-1917 жылдар аралығында 21 рет жинақ болып баспадан шыққан «Хаттамаларда» жарияланған 279 мақала мен баяндамалардың 116-сы Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштеріне арналған еңбектер екендігін анықтаған.

- 7.1. Дәлелденген.
- 7.2. Тривиалды емес.
- 7.3. Қағидаттар жана.
- 7.4. Қолдану деңгейі кең.
- 7.5. Ия.

5-қағидат бойынша Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің 1895-1917 жылдар аралығында атқарған ізденістері талданып, Түркістан үйірмесінің 26 мүшесі Жетісу мен Сырдария облыстарында зерттеу жұмыстарын жүргізгендегі және әр зерттеушінің ескерткіштерді зерттеудегі қосқан үлесін көрсеткен.

- 7.1. Дәлелденген.
- 7.2. Тривиалды емес.
- 7.3. Қағидаттар жана.
- 7.4. Қолдану деңгейі кең.
- 7.5. Ия.

6-қағидат бойынша Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің атқарған зерттеулері зерделеніп, үйірме тек ескерткіштерді іздестіріп, есепке алу және сипаттап жазуымен ғана шектелмей, жазба деректерді пайдалана отырып аймақтың тарихын, ашқан ескерткіштерді басқа өнірдегі ескерткіштермен салыстыра отырып зерделеу, қазба жұмыстарын жүргізу, ескерткіштерге байланысты аныз-әнгімелер, жергілікті тұргындар

арасынан мәлімет жинау, керуен жолдардың бағыттары мен ескерткіштерді жазба деректерінде кездесетін қалалармен баламалау мәселесі бойынша ізденістер жүргізгендігін көрсеткен.

- 7.1. Дәлелденген.
- 7.2. Тривиалды емес.
- 7.3. Қағидаттар жана.
- 7.4. Қолдану деңгейі кең.
- 7.5. Ия.

7-қағидат бойынша В.А. Каллаур, Н.С. Лыкошин ортағасырлық жазба деректерінде керуен жолдар бойында орналаскан қалаларды баламалау мәселесі бойынша ұсынған тұжырымдары және осы мәселеге байланысты кейінгі зерттеушілердің ой-пікірлері сарапталған. Қазақстанның археология ғылымында баламалау мәселесі қазіргі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпаған, өзекті болып табылатындығын анықтаған.

- 7.1. Дәлелденген.
- 7.2. Тривиалды емес.
- 7.3. Қағидаттар жана.
- 7.4. Қолдану деңгейі кең.
- 7.5. Ия.

8-қағидат бойынша Үйірме мүшелері ізденіс жүргізген сәulet өнірі ескерткіштерде Кенес дәуірі мен Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда атқарылған зерттеулері зерделеніп, талданған. Ескерткіштердің бір қатары толығымен бұзылып кеткен, ал бір бөлігі қазіргі танда қайта қалпына келтірілгенін көрсеткен.

- 7.1. Дәлелденген.
- 7.2. Тривиалды емес.
- 7.3. Қағидаттар жана.
- 7.4. Қолдану деңгейі кең.
- 7.5. Ия.

9-қағидат бойынша Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі 1895-1917 жж. аралығында Қазақстанның онтүстік өнірлерінде

			<p>жүргізген ізденіс жұмыстары барысында 324 ескерткіш ашқандығы анықталған. Үйіменің Қазақстан археология ғылымына қосқан субелі үлесі зерделеніп, ескерткіштердің зерттелуін жана деңгейге көтерілгендейін дәлелдейді.</p> <p>7.1. Дәлелденген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қағидаттар жана. 7.4. Қолдану деңгейі кең. 7.5. Ия.</p> <p>Зерттеу тақырыбы бойынша 24 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде КР ФЖБМ Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тараپынан ұсынылған басылымдарда - 12, Scopus базасына енген журналда - 1, халықаралық және республикалық ғылыми конференция материалдарының жинақтарында - 10 және 1 ұжымдық монография.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок	<p>Әдістеменің тандауы нақты жазылған. Жұмыстың әдіснамалық негізін нысанды сол кездегі тарихи даму процесімен бірге қарастыратын тарихилық принципі және материалдарға деректанулық пен тарихнамалық талдау жүргізу үшін маңызы зор ғылыми обьективтілік принциптер құраған. Диссертацияны жазу кезінде сонымен бірге, салыстырмалы-тарихи, сандық талдау, проблемалық-хронологиялық және аудандастыру әдістерін қолдану арқылы жүргізілген.</p> <p>8.1. Ия.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алғынған: 1) ия; 2) жок	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы қоғамдық өлкетану үйімінің қызметіне арналғандықтан, тақырыптың спецификалық ерекшелігіне сай компьютерлік технологиялар қолданылмаған.</p> <p>8.2. Жок.</p>
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылыштар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық	<p>Теориялық тұжырымдар зерттеулермен дәлелденген және расталған. Үйірме мүшелерінің еңбектері талданып қарастырылған. Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар нақты материалдарға және кейінгі зерттеушілердің пікірлеріне сүйене</p>

		<p>ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>отырып дәлелденген және расталған.</p> <p>8.2. Ия.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінara расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық, методологиялық негізі дұрыс. Зерттеу жұмысында көрсетілген құнды мәліметтер сенімді және нақты. Ғылыми әдебиеттерге сілтеме расталған. Зерттеу Туркістан үйірмесінің қызметіне арналғандықтан, үйірме мүшелерінің еңбектері талданып, мұраған материалдарымен де жұмыс жасалған.</p> <p>8.4. Расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланған әдебиеттер тізімі 326 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Такырыпқа сай мұрағат материалдары, диссертациялық жұмыстар, ғылыми мақалалар мен еңбектер тізімі ұсынылған.</p> <p>8.5. Жеткілікті.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар. Зерттеудің ұсынып отырған нәтижелері отандық тарих, археология және этнология ғылымдарының дамуына өз үлесін қосады. Зерттеу барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдары мен принциптері келешекте жүргізілетін басқа да зерттеулерде пайдалануға болады.</p> <p>9.1. Ия.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысының нәтижелерін практикада қолдануға болады. Зерттеудің нысаны Қазақстан археологиясының қалыптасуына үлкен үлес қосқан Археология әуесқойлары Туркістан үйірмесінің қызметі болғандықтан, диссертациялық жұмыста ұсынылған тұжырымдарын еліміздің жоғарғы оқу орындарында «Қазақстан археологиясы», «Орта ғасыр археологиясы» және т.б. курсарда көнінен пайдалануға болады.</p> <p>Сонымен катар, болашакта жергілікті өлкенату тарихын зерттеуге талаптанған жас мамандар өз жұмыстарында пайдалануына мүмкіндік бар.</p> <p>9.2. Ия.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі отандық тарих ғылымында Археология әуесқойлары Туркістан</p>

		<p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>үйірмесінің Қазақстандағы қызметі ғылыми-зерттеу нысанына алынбаған. Бұл зерттеу тек археологиялық, сәулет өнері ескерткіштерін қамтыған енбек болып табылады. Болашакта Түркістан үйірмесінің этнографиялық, музей ісі бағытындағы ізденістері жан-жақты қарастырылып, жеке тақырып ретінде зерттелуі қажет.</p> <p>9.3. Ия.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде, академиялық еңбектің стильдік талаптарына сай, техникалық рәсімдеу нормаларын сақтай отырып, жазылған енбек болып табылады.</p> <p>10. Жоғары.</p>

Бахтыбаев Мәлс Маратовичтың «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Қазақстандағы қызметі» тақырыбындағы дайындалған диссертациялық жұмысы ҚР ФЖБМ Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларының 2-тармағында көрсетілген диссертациялық талаптарына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтан, «6D020800 - Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензент:

ҚР ФЖБМ FK Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының
бас ғылыми қызметкери, т.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі



Б.А. Байтанаев

